

ӨОЖ 599.735.5 <https://doi.org/10.54944/kzblc781et58>

«Тарбағатай» МҰТП аумағындағы қазақстан арқарының санын есептеу

Қабсаметов Р.Ж.

«Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы
E-mail: rinat_3747@mail.ru

Тұжырым. Мақалада «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің кездесетін Қазақстан арқарының санын есептеу мақсатында жүргізілген зерттеу жұмыстары баяндалған. Қазақстан арқары 143 мың гектардың 84,0 мың га аумақта мекен етеді. Зерттеу жұмысында жүргізілген санақ жұмысының нәтижесі мен таралу аумағы, статистика бойынша жыл сайынғы өсімі, топалуы баяндалған. Қызыл кітапқа еңгізілген қазақстан арқарының жай-күйін бағалау мақсатында деректер жинақталған.

Кілт сөздер: «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қазақстан арқары, көш жолы, құлжа.


Кіріспе

Тұяқты жабайы жануарлар қазіргі кезде адам назарын эстетикалық мақсаттар тұрғысынан да, селекциялық жұмыстар үшін перспективалы объектілер ретінде практикалық тұрғыдан да, саны көп болған кезде – бағалы аңшылық объектілері (ет, тері, дәрі – дәрмектік шикізат) тұрғысынан да аударлады. Тұяқты жабайы жануарлардың адам үшін осындай зор маңызға ие болғандықтан, ғасырлар бойы адамның жануарлардың ізін аңдығанына таң қалуға болмайды. Осыдан кейін түрлердің бірі құртылып жіберілді, ал біреуі жойып кету алдында тұр.

«Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында кездесетін тұяқты жануарлардың бірі – Қазақстан арқары - *Ovis ammon collium*. Қазақстан арқары Қызыл кітапқа енген жануарлардың ішінде III санатта тұр. Яғни, жойылып кету қауіпі қазіргі кезде төніп тұрған жоқ, бірақ олар шағын топпен және шағын мекен ету орындарында тіршілік ететіндіктен адамның немесе табиғаттың әсерінен оңай, әрі тез жойылып кетуі мүмкін.

Мәліметтер 2020-2021 жылдары жинақталған. Жұмыстың орындалу барысында есепке алудың визуалды және автокөлікпен жүріп санау әдістері қолданылды. Жануарларға визуалды санақ бпц 8x30 дүрбісі, Canon PowerShot sh540hs фотоаппараты, бақылауға арналған құбырды қолдану арқылы жүргізілді. Алғашқы кезде санақ автокөлік арқылы жүргізілді. Қарабас және Арқалы тауларының ішімен көлікпен қозғалу қиын болғандықтан негізгі санақ жаяу және атпен жүру арқылы жүргізілген болатын. Санақ жануарлардың топталып жайылған кезінде ерте таңғы және кешкі уақыттарда жүргізілді. Қайта тіркеуден аулақ болу үшін кездескен жануарлардың саны мен жасын және жыныстық құрамын санап, күнделікке тіркегеннен кейін, тіркелген тұяқтылар табынының қозғалу бағыты жазылып көрсетілді. Биік төбелі жерлерден арқарларға дүрді арқылы визуалды бақылау жүргізу әдісі арқылы саналды. 2019 жылдан бастап фототұзақтарды қолдану арқылы мәліметтер алына бастады. Санақ жұмысы кезінде фототұзақтан алынған мәліметтер арқарлардың жас ерекшелігін толықтай сипаттауға мүмкіндік берді (Жекелеген жауарлар түрлеріне санақ жүргізуге арналған методикалық нұсқаулығы [Methodical instructions for the census of individual animal species] 2005; ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы No 267 қаулысы [Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan]; Байдавлетов, Ауэзов [Baidavletov, Auezov] 1995; Бербер, Ботов және т.б. [Berber, Botov et al.] 2003; Утяшева, Березовиков, Верзилов [Utyasheva, Berezovikov, Verzilov] 2011).

Таралу аймағы. «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 3 кластерлік аумағында, Тарбағатай тауында, Қарабас тауында және Арқалы тауында қазақстан арқары *Ovis ammon collium* мекен етеді. Тарбағатай, Қарабас, Арқалы тау жүйелері Қазақстанның оңтүстік – шығысы бөлігінде Қытай елімен шекаралық аумақта орналасқан. Жаз мезгілінде арқарлар биік таулы (2992 м) Тарбағатай тауында мекен етеді. Ал, күз мезгілінің аяғына қарай Тарбағатай тауында қар қалың түсіп, тіршілік етуге қиыншылық тудыратындықтан қары аз, аласа жоталы Қарабас (1273 м) және Арқалы (853 м) тауларында түсіп қыстан шығады. Қарабас және Арқалы таулары Қытай мемлекетімен шекаралық аумақта бір-бірінен 25 км арақашықта орналасқан, қыс мезгілінде қары мөлшері аз және желді ауа райы қалыптасқан. Қазақстан арқарлары үшін қыс мезгілінде мекен етуге қолайлы аумақ болып табылады.



Сурет 1 – Қазақстан арқарының «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде қоныс аудару картасы

Figure 1 – Migration map of Kazakhstan argali in Tarbagatai State National Natural Park

Саны. 2020 жылы күзгі миграция кезіндегі арқарларға санақ биік тауларда, ұсақ шоқыларда жалпы аумағы 84,0 мың га жердің 30,0га(25,2%) мың га болатын санақ ауданынан 75 бас саналды. Саналған арқар санын жалпы мекен ететін аумағына эксторполяция жасаған кезде 210 бас арқар есептелініп шығарылды. 2020 жылы көктемгі миграция кезіндегі арқарларға санақ жалпы аумағы 84,0 мың га жердің 30,0 мың га болатын санақ ауданынан 78 арқар саналды. Саналған арқар санын жалпы мекен ететін аумағына эксторполяция жасаған кезде 218 бас арқар есептелініп шығарылды.

Кесте 1 – Қазақстан арқарының «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағындағы санақ жұмыстарының нәтижесі

Table 1 – Accounting results of Kazakhstan argali on the National Natural Park “Tarbagatai” territory

Мәліметтер	2019		2020		2021
	көктем	күз	көктем	күз	көктем
Саналған саны	49	74	52	75	85
Санақ жүргізілген аумақ, мың га	20.0	30.0	20.0	30.0	30.0
1000 га -дағы тығыздығы	2.4	2.4	2.5	2.5	2.5
Есептелген саны	206	207	218	210	238



2 – сурет. Фототұзақты орнату.
Сурет автордікі
Figure 2 – Installation of a camera trap.
Photo of the author



3 – сурет. Бақылау құбыры арқылы арқарларды санау. Сурет автордікі
Figure 2 – Installation of a camera trap.
Photo of the author

Топталуы. 2020 жылы арқарлардың топталуы көктемгі миграция кезінде бақыланды. Топталуы 7-8 бас арқар. Таудың күнгей жағында 4-6 ұрғашы және 1 жасар 2-3 арқарлар топтары жиі бақыланды. Осындай топтан тауға кіретін әрбір жолдан бірнешеуін бақылауға болады. Ал, таудың биігінде (НКВД мөрі маңында) құлжалары 3-4 топтастығы жүргені кезікті. Фототұзақтар осы мәліметтерге байланысты 4 жерге орналастырылған болатын. Нәтижесі ойлағанымыздай тіркелген мәліметке сәйкес болды. Жаз маусымына Тарбағатай тауына кетпей Қарабас тауында қалатын арқарлар топтары 6-9 бастан кездеседі. Ұлттық парк аумағындағы арқарлардың жас және жыныстық құрлымы 2020 санақ бойынша келесі пайыздық көрсеткішпен белгіленген.




Диаграмма 1 – Қазақстан арқарының «Тарбағатай» МҰТП аумағындағы жас құрылымы
Diagram 1 – The age structure of the Kazakh argali on the territory of the “Tarbagatai” SNNP



Сурет 4 – Қарабас тауының батыс жағындағы Қазақстан арқарлары. Сурет автордікі
Figure 4 – Kazakhstan argali on the western slope of Mount Karabas. Photo of the author



Сурет 5 – Қарабас тауының биік (НКВД мөрі) аумағындағы Қазақстан арқары. Фототұзақ мәліметі.
Figure 5 – Kazakh argali on the territory of Mount Karabas (NKVD seal). Information of the camera trap.

Жыл сайынғы мәліметтерге сүйенсек «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында қазақстан арқарының саны жылдан жылға көбейгендігі байқалады. Миграциялық жолдағы үй жануарларының әсерінен ығыстырылуы, төлдеу маусымындағы қасқыр, сілеусін, жыртқыш жануарларының тікелей әсері арқарлардың санының өсімін тез жоғарылауына кедергі келтіруде. Санақ жұмыстары барысында фототұзақтар арқылы арқарлардың түскен мәліметтер арқылы жас ерекшеліктері айқын бақыланады. Ұлттық парк аумағында қазақстан арқарының нақты санын шығару үшін авиасанақ жүргізілуі маңызды жұмыстардың бірі болып табылады.

Қазақстан жерінде мекен еткен, адамдардың әрекетінен XX ғасырда жойлып кеткен Қызылқұм арқары, тоғай бұғысы сында жануарлардан қазіргі кезде суреті ғана қалып отыр. Сол себептен «Табиғаттың тірі байлықтарын» мекен ету орындарынан ығыстырмай, броконьерлікке жол бермей, жай – күйін бақылап, статистикалық жылдық санын нақылы санасақ, біз осы жануардың санының қалыптылығын бағалап, мекен ету ареалының өзгеруіне қауіп төнбегендігіне көз жеткізе аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

«Ақбөкендер мен жабайы тұяқтылардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар түрлерін сақтау мен қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы No 267 қаулысы.

АШМ-нің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2005 жылғы 23 тамызындағы № 191 бұйрығы «Жекелеген жауарлар түрлеріне санақ жүргізуге арналған методикалық нұсқаулығы»

Байдавлетов Р.Ж., Ауэзов Э.М. 1995. Авиачет архара в Центральном Казахстане. Материалы научно-практической конференции по ведению охотничьего хозяйства в новых экономических условиях. Алматы. С. 57-60.

Бербер А.П., Ботов В.И., Мигушин А.С., Рыбалкина О.А. «Учет численности горного барана на хребтах Тарбагатай, Саур, Манрак и Калбинский (Восточно-Казахстанской области)».

Методы учета основных охотничье-промысловых и редких животных Казахстана. 2003. Алматы. 75 с.

Утяшева Т.Р., Березовиков Н.Н., Верзилов М.А. 2011. К организации Тарбагатайского национального парка в Казахстане. Степной Бюллетень. № 32. С. 17-21.

REFERENCES

Baydavletov R.Zh., Auevov E.M. 1995. Aerial survey of argali in Central Kazakhstan. Materials of the scientific and practical conference on hunting management in new economic conditions. Almaty. P. 57-60.

Berber A.P., Botov V.I., Migushin A.S., Rybalkina O.A. 2003. "Counting the number of mountain sheep on the Tarbagatai, Saur, Manrak and Kalbinsky ridges (East Kazakhstan region)" Methods of accounting for the main game and rare animals in Kazakhstan. Almaty. 75 p.

Order of the Committee for Forestry and Hunting of the Ministry of Agriculture dated August 23, 2005 No. 191 "Methodological recommendations for census of certain animal species".

Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 25, 2005 No. 267 "On approval Programs for the conservation and restoration of rare and endangered species of wild ungulates and saigas in 2005 - 2007".

Utyasheva T.R., Berzovikov N.N., Verzilov M.A. 2011. Towards the organization of the Tarbagatai National Park in Kazakhstan. Stepnoy Bulletin. No. 32. P. 17-21.

Кабсаметов Р. Ж. Расчет численности казахстанского архара на территории ГНПП Тарбагатай

Аннотация. В статье описывается исследование, проведенное для подсчета численности казахстанского архара в Тарбагатайском государственном национальном природном парке. Казахстанский архар обитает на территории 84,0 тыс. га из 143 тыс. га. В исследовании описаны результаты переписи и ареал распространения, статистика годового прироста, концентрация. Данные были собраны для оценки состояния казахстанских архаров, занесенных в Красную книгу.

Ключевые слова: казахстанский архар, гора Карабас, миграционный путь, кульжа, национальный парк.

Kabsametov R. Zh. Calculation of the number of the kazakhstan arkhar in the territory of SNNP Tarbagatai

Annotation. The article describes a study conducted to calculate the number of Kazakhstani argali in the Tarbagatai State National Natural Park. Kazakhstan argali lives on the territory of 84.0 thousand hectares out of 143 thousand hectares. The study describes the results of the census and the area of distribution, statistics of annual growth, concentration. The data were collected to assess the status of Kazakhstani argali listed in the Red Book.

Key words: Kazakh argali, Mount Karabas, migration route, kulzha, national park.